

**«№28 орта мектебі» КММ Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысының
хаттамасы**

Күні: 26.03.2026ж.

Қатысқандар – 13
Қатыспағандар – 4

Күн тәртібі:

1. Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстарына қолдау көрсету.
2. Үшінші тоқсандағы іс-шараларды ұйымдастыруға көмек.
3. Мектеп аумағын абаттандыру жұмыстарына қатысу.

Тындалды:

9–11 сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыруға және мамандықты саналы таңдауға бағытталғаны айтылды. «Мамандық таңдау – болашақты таңдау», «Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар», «ЖОО немесе колледжді дұрыс таңдау» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар, жеке консультациялар, ата-аналар жиналыстары, кәсіби бейімділікті анықтау тесттері ұйымдастырылды. ЖОО мен колледж өкілдерімен кездесулер, ашық есік күндері және экскурсиялар өткізілді.

9-сынып оқушыларымен бейіндік жұмыс жүргізіліп, Ақтөбе сервис колледжімен ынтымақтастық аясында сабақтар, экскурсиялар және шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Оқушылар «Тігін ісі» мамандығы бойынша практикалық дағдылар меңгерді.

Жүргізілген жұмыстар оқушылардың мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттырып, олардың болашаққа деген көзқарасын қалыптастыруға оң ықпал етті.

2-мәселе бойынша:
Қамқоршылық кеңесінің көмегімен үшінші тоқсанда бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Наурыз мейрамы аталып өтіп, Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік шаралар өткізілді. Сонымен қатар, мейірімділік акциясы ұйымдастырылып, қайырымдылық көмектер көрсетілді.

Кеңес мүшелері материалдық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетіп, оқушылардың түрлі мәдени, спорттық және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысуына ықпал етті.

Өткізілген іс-шаралар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік берді.

3-мәселе бойынша:

Мектеп аумағын абаттандыру жұмыстарына Қамқоршылық кеңесі қатысатын болады. Атап айтқанда, мектеп ауласын тазалау, көгалдандыру, ағаш және гүл отырғызу, сенбіліктер ұйымдастыру жоспарлануда.



Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін демеушілік көмек көрсету және ата-аналар мен оқушыларды тарту көзделуде.

Сонымен қатар, абаттандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, аумақтың тазалығын сақтау және көгалдандыру деңгейін арттыру бойынша бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.













Жоспарланған жұмыстар нәтижесінде мектеп аумағының санитарлық жағдайы жақсарып, эстетикалық көрінісі артады деп күтілуде, бұл өз кезегінде оқушылардың еңбек мәдениетін қалыптастыруға оң әсер етеді.

Қауылы:

1. Кәсіби бағдар беру жұмыстары жалғастырылып, жүйелі түрде қолдау көрсетілсін.
2. Үшінші тоқсанда өткізілген іс-шаралардың тәжірибесі негізінде алдағы жұмыстар жандандырыла берсін.
3. Мектеп аумағын абаттандыру жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, Қамқоршылық кеңесі тарапынан қолдау көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы  А.К.Елемесова
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы  Г.К.Тюлюкбаева

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

- | | |
|--|--|
| 1. Г.К.Курманбекова <u></u> | 9. Б.Б.Есентаева <u></u> |
| 2. Қ.Т.Торегали <u></u> | 10. Н.В.Раздольская <u></u> |
| 3. М.Ш.Хангереева <u></u> | 11. М.А.Бекжанова <u></u> |
| 4. Б.К.Сәрсенбина <u></u> | 12. С.С.Раимкулова <u></u> |
| 5. Д.А.Нерезко <u></u> | |
| 6. Саин Арнур <u></u> | |
| 7. А.Ш.Жумагалиева <u></u> | |
| 8. Е.И.Шеленко <u></u> | |

(